

ҚАЗАҚСТАННЫҢ «ЖҰМСАҚ КҮШ» САЯСАТЫ: ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР

Сәкен ЕСІРКЕП* Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Саясаттану кафедрасының PhD докторанты, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы, sakenyessirkep1985@gmail.com

<https://doi.org/10.52123/1994-2370-2020-75-4-23-31>

ӘОЖ 327.83

ҒТАХТК 11.15.25

Аңдатпа. Мақалада «жұмсақ күш» теориясының әлемдік саясаттағы орны, оның халықаралық қатынастар жүйесіндегі қолданыс тарихы, ірі акторлардың «жұмсақ күш» құралын пайдалану ерекшеліктері және «жұмсақ күш» теориясының бүгінгі жағдайы талданған. Сондай-ақ, автор Қазақстанның «жұмсақ күш» саясатын жүргізудегі әлеуетті құралдары және оны пайдалану тетіктері туралы сөз қозғаған. Мақаланы жазу барысында салыстырмалы талдау, свод-талдау әдістері қолданылған. «Жұмсақ күш» теориясына қатысты жазылған ғылыми еңбектер мен мақалалар сараланған. Зерттеудің нәтижесі ретінде латын әліпбиін, Қазақстаннан иммиграцияланған өзге этнос өкілдері, шетелдегі қазақ диаспоралары, туризм, орыс тілін пайдалану арқылы жетістіктерге жету жолдары ұсынылған.

Түйін сөздер. Жұмсақ күш, акторлар, құралдар, диаспора, латын графикасы.

JEL кодтар: D72, F68, Z38.

Аннотация. В статье анализируется роль теории «мягкой силы» в мировой политике, история ее применения в системе международных отношений, особенности использования инструментов «мягкой силы» основными игроками и современное состояние теории «мягкой силы». Автор также рассказал о потенциальных инструментах казахстанской политики «мягкой силы» и механизмах ее использования. При написании статьи использовались методы сравнительного анализа, сводного анализа. Анализируются научные работы и статьи по теории «мягкой силы». Результаты исследования подсказывают пути достижения успеха за счет использования латинского алфавита, других этнических групп, иммигрировавших из Казахстана, казахской диаспоры за рубежом, туризма, русского языка.

Ключевые слова. Мягкая сила, акторы, инструменты, диаспора, латинская графика.

JEL коды: D72, F68, Z38.

Abstract. The article analyzes the role of soft power theory in world politics, the history of its application in the system of international relations, the features of the use of soft power tools by major actors and the current state of soft power theory. The author also spoke about the potential tools of Kazakhstan's soft power policy and the mechanisms for its use. Comparative analysis, summary analysis methods were used in writing the article. Scientific works and articles on the theory of soft power are analyzed. The results of the study suggest ways to achieve success through the use of the Latin alphabet, other ethnic groups immigrated from Kazakhstan, the Kazakh diaspora abroad, tourism, the Russian language.

Keywords. Soft power, actors, instruments, diaspora, Latin graphics.

JEL Codes: D72, F68, Z38.

Кіріспе

«Жұмсақ» күш теориясы әлемдік ірі акторлар белсенді ұстанатын және саяси ғылымда кең қолданыс тапқан термин. Сан ғасырларға созылған әскери қақтығыстар сериясы ХХ ғасырдың екінші жартысында мәдени, экономикалық, саяси, идеологиялық т.б. құралдар арқылы ықпал ету, яғни күш қолданбай мақсатқа жету саясатына ұласты.

Бұл теорияны алғаш рет АҚШ-тағы әйгілі Гарвард университетінің профессоры Джозеф Най ұсынған болатын. Ол 1990 жылы «Foreign Policy»

журналында жарыққа шыққан «Bound to lead: The changing nature of American power» атты мақаласында әлемдегі ықпалды күштер балансының ауысып жатқандығын, алдағы уақытта қару-жарақ арқылы соғысудың маңызы жойылып, «жұмсақ күш» тетіктері арқылы ықпал ету саясатының күн тәртібіне шығатынын мәлімдеді (Nye J., 1990). Ол «жұмсақ күш» саясаты өзіңнің өзгелер қызығатын тартылыс күшіне айналу арқылы (мысалы дұрыс өркениетті қоғам қалыптастыру, демократиялық құндылықтар орнату, адам құқығын

* Хат-хабарларға арналған автор: С. Есіркеп, sakenyessirkep1985@gmail.com

қорғау, туристік әлеует, қонақжайлылық т.б.) өзгелерге ықпал жүргізу тәсілі екенін айтады.

Джозеф Най «Soft Power: The Means To Success In World Politics» атты кітабында келесі тұжырымды алға тартқан болатын. Ол «жұмсақ күш» деген адамдарды көндіру немесе түрлі аргументтермен келістіру қабілеті ғана емес. Бұл сондай-ақ тартымдылық қабілеті, ал тартымдылық жетістіктерге әкеледі. Қысқаша айтқанда жұмсақ күш – тартылыс күші. Ал ресурс тұрғысынан алғанда, «жұмсақ күш» ресурсы тартылысқа себеп болатын активтер деген сөз» деп жазған болатын (*Joseph S. Nye, JR., 2004*).

Қысқа мерзімде әлемдік деңгейдегі өзекті саяси дискурсқа айналған «жұмсақ күш» термині бүгінде көптеген мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатындағы маңызды бағытқа айналды. «Жұмсақ күшті» теориялық бағытта зерттеушілер мен оның практика жүзінде іске асырылуына қатысты алуан пікірлер бар. Теория жүзіндегі зерттелуі көбінесе жекелеген ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерінде көрініс табуда. Сондай-ақ, «жұмсақ күш» құралдарын қандай да бір мақсатта пайдалануды көздейтін практик саясаттанушылардың идеялары да бар. Олар көбінесе қандай да бір мемлекетте идеология бағытында жауапты салаларда еңбек етуші тұлғалар деуге болады. Сонымен қатар, «жұмсақ күш» саясатын жүйелі түрде жүзеге асырушы институттар (Конфуцзы, Гете институттары, Сорос, Горчаков қорлары т.б.) бар.

Қазіргі таңда әлемде жаһандану үдерісінің қарқынды даму үрдісіне сәйкес «жұмсақ күш» саясатының ықпалы артып отырғанын бағамдауға болады. Бұл Қазақстанға да қатысты. Көптеген ірі акторлар Қазақстан аумағында өзінің экономикалық, мәдени, саяси, идеологиялық ықпалын нығайтуға тырысуда. Бұл үлкен зерттеу жұмысының нысаны бола алады.

Сонымен қатар Қазақстанның сыртқы саясатта «жұмсақ күш» саясаты бар ма? Қазақстан қандай әлеуетті тетіктерді пайдалану арқылы сыртқы саясатта өзіндік жұмсақ күш саясатын

жүргізе алады? Бұл осы мақаланың зерттеу өзегі болмақ.

Зерттеудің әдістемесі

Осы мақаланы жазу барысында «жұмсақ күш» теориясына қатысты жазылған еңбектер, көптеген ықпалды акторлардың осы бағыттағы саясаты салыстырмалы зерттелді. Сондай-ақ, case-study әдістемесі арқылы «жұмсақ күш» құралдарын пайдаланудың кейбір мысалдарына талдау жасалған.

Қазақстанның «жұмсақ күш» саясатындағы әлеуетті құралдарды тиімді пайдалану мәселелеріне қатысты SWOT-талдау (Strengths, Weaknesses, Opportunities, Threats) әдісіне негізделі отырып, Қазақстанның осы саясатты ұстана отырып, оның жағымды, жағымсыз жақтары, сондай-ақ мүмкіндіктер мен ықтимал қауіп-қатерлер жайы сарапталды. Аталған бағыттағы сценарийлер бойынша қол жеткізілетін оң және теріс көрсеткіштер баяндалды.

«Жұмсақ күш» саясатының нысанындағы Қазақстан

Қазақстан геосаяси жағдайға және тарихи себептерге байланысты «жұмсақ күш» саясатының тоғысқан орталығында орналасқан. Сондай-ақ, Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты, әлемнің көптеген елдерімен интеграциясы және халықаралық ұйымдармен тығыз қарым-қатынасы түрлі идеялық құндылықтардың ел кеңістігіне дендей енуіне ықпал етуде.

Әлемдегі авторитарлық режимдермен күш қолданбай күресу, «түрлі-түсті» төңкерістер ұйымдастырудың әдістері сынды идеологеманың авторы, америкалық ғалым Джин Шарп өзінің «There are Realistic Alternatives» атты кітабында «жұмсақ күш» саясатын іске асырудың 198 түрлі әдісін жазған (*Gene Sharp, 2003*). Оларды шартты түрде ресми мәлімдемелер жасау, көлемді аудиториямен байланыс, символикалық қоғамдық актілер, түрлі топ өкілдіктерімен қарым-қатынас орнату, жеке адамдарға қысымдар жасау, драма және музыка, шерулер ұйымдастыру, өлгендерді құрметтеу, қоғамдық жиналыстар, көп шарттан бас тарту, тұлғалардың шеттетілуі, әлеуметтік оқиғалармен, кедендермен және мекемелермен ынтымақтастық, әлеуметтік жүйеден тысқары болу, тұтынушылық әрекеттер,

жұмысшылар мен өндірушілердің акциялары, делдалдар, меншік иелері, қаржы ұйымдары және үкіметке байкот жасау, символдық ереуілдер, оның ішінде ауыл шаруашылығы, индустрия т.б. салалар өкілдерінің ереуілдері, биліктен бас тарту, үкіметпен ынтымақтастықтан бойды аулақ ұстау, мойынсұнудың баламалы түрлерін қарастыру, мемлекеттік қызметкерлердің әрекетіне сыни ойлар қалыптастыру, халықаралық ұйымдар арқылы ықпал ету, саяси, психологиялық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан ықпал ету сияқты басым бағыттар бойынша топтастыруға болады. Соңғы жаһандық геосаяси жағдайды және заманауи халықаралық қатынастар жүйесін саралай отырып, аталған әдістерге негізделген халықаралық ұйымдар мен ықпалды күштердің әрекеттерін жиі байқауға болады.

Әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде Қазақстанда діни ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер және халықаралық ұйымдардың қызметіне заң шеңберінде рұқсат берілген. Қазақстанда Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің дерегінше жалпы 22 344 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі «Гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлардың тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 177 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» № 187 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасында 98 халықаралық және шетелдік ұйым грант берумен, түрлі жобаларды қаржыландырумен айналысады (*ҚР нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі, 2020*).

Аталған ұйымдардың гранттары аясында жыл бойы қоғамды демократияландыру, адам құқықтарын қорғау, гендерлік теңдік, ашықтық, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, балалар құқықтарын қорғау т.б. салалар бойынша іс-шаралар

ұйымдастырылуда. Сондай-ақ этномәдени орталықтар, діни ұйымдардың бастамасымен өткізілетін көптеген шаралар өзге мемлекеттерден бастау алатын құндылықтармен мазмұндас екенін айта кеткен жөн.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің 2020 жылғы 19 қазандағы жариялаған дерегінше Қазақстанда жалпы 256 шетелдік теле -, радиоарналар тіркелген. Оның ішінде 183 – ресейлік телеарна, 23 – Ұлыбританиянікі, 18 – АҚШ, 16 – Эстонии, 9 – Франция, 5 – Түркия, 1 – Кипр, 1-Испания елдерінікі.

Олардың таралу тілдері келесідей. 155 телеарна орыс тілінде, 13 – ағылшынша, 68 – орыс-ағылшын тілдерінде, 4 – түрікше, 3 – франсузша, 3 – украин-орысша, 2 – орыс-татарша, 1 – неміс-орысша, 3 – орыс-франсузша, 1 – орыс-беларус тілдерінде, басқалары аралас үш және оданда көп тілдерде таратылады (*Шетелдік теле -, радиоарналардың тізбесі, 2020*). Бұған интернет кеңістіктегі қазақстандықтар қолданатын түрлі шетелдік сайттар мен блог-тұғырнамаларды қосуға болады. Сондықтан Қазақстанның медиа нарығы, азаматтардың ақпарат алу кеңістігі қаншалықты кең екенін, осы ақпарат көздерінде жарияланатын материалдардың мазмұндық контентіне қатысты толыққанды сараптама жүргізу немесе бақылау орнату қиын екенін атап өткен жөн. Бұл Қазақстан азаматтарына шетелдік ұйымдар мен медиа агенттіктеріне «жұмсақ күш» саясатын жүргізуге мол мүмкіндік береді.

Сонымен қатар интернет технологияның дамуымен әлеуметтік желілер арқылы жекелеген азаматтардың жеке арналары, дербес парақшалары арқылы әр түрлі идеялардың шекаралық кедергісіз азаматтар арасына таралуына кең мүмкіндік ашылды. Мысалы, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалған шетелдік анимациялық өнімдерден бастап, әр түрлі тақырыптағы сериалдар, деректі фильмдер, жаңалықтар немесе талдамалы материалдарды Қазақстан азаматтары кедергісіз тұтынуда. Бұл ақпараттар айдыны азаматтардың пайдалы ақпарат, деректер іздеу,

баламалы мәлімет алу мүмкіндігін кеңейтумен қатар, теріс мақсаттағы ақпараттардың да ел территориясына еркін таралуына қолайлы жағдай қалыптастыруда. Мұның бәрі қазақстандық аудиторияға, ел азаматтарының санасына ықпал етуші мәдени және саяси мазмұндағы әрекет деп бағалауға болады.

Қазіргі таңда Қазақстан қоғамында бүлдіршіндердің ата-анасы қазақша сөйлегенімен тілі орысша шығу тенденциясы қарқын алып келеді. Бұл балалардың смартфон құрылғылары арқылы You Tube платформасындағы орыс тілді контентке еркін қол жеткізуіне, сол арқылы өзіне қажетті сөздерді, сөйлеу мәнерін, ойлау жүйесін шетелдік өнімдер арқылы қалыптастыруына ықпал етуде. Бұл интернеттегі отандық өнімдердің, қазақстандық сапалы әрі тартымды контенттің толыққанды қалыптаспауынан туындаған жағдай деп баға беруге болады.

Жоғарыда баяндалған деректердің өзі Қазақстанға сырттан бағытталған «жұмсақ күш» саясатының бар екенін айғақтайды. Бұдан дұрыс қорытынды шығару, тиімді саясат жүргізу мемлекеттің, қоғамның жұмыла атқаратын ісі. Сонымен қатар Қазақстанның да «жұмсақ күш» саясатын жүргізу әлеуетінің бар екенін естен шығармауымыз керек.

Қазақстанның «жұмсақ күш» әлеуеті

Әлемнің алпауыт мемлекеттері сияқты Қазақстанның сыртқы саясатта ықпалды ел саналмағанымен, өз мүддесін тиімді іске асыру жолында мүмкіндіктері де жоқ емес. Бірақ мұны дұрыс пайдалана білу үлкен маңызға ие. Енді осы мүмкіндіктердің бірқатарына қысқаша тоқтала кетейік.

1. Қазақстан түркі әлемінің қара шаңырағы

Қазақстан түркі өркениетінің қара шаңырағында орналасқан және түркі халқының төл құндылықтары мен салт-санасы сақталған мемлекет. Бұл түркі халықтарының ынтымақтастық мәселесіне қатысты жобаларда маңызды аргумент саналады. Қазақстан бүгінге дейін Түркі Кеңесі, ТүркПА, Халықаралық Түркі Академиясын құру сынды ірі жобалардың инициаторы ретінде аталған

мүмкіндікке сай қадамдарға бара білді. Мысалы 2019 жылы Халықаралық Түркі Академиясы Түркі кеңесі Саммитінің шешіне сәйкес Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия Республикаларының Білім министрліктері мақұлдаған 8 сынып оқушыларына арналған «Ортақ түрк тарихы» оқулығы жарыққа шықты. Аталған кітапта түркі халықтарының шыққан қара шаңырағы ретінде Қазақстан аумағы ғылыми дәйектемелер арқылы баяндалған. Осы арқылы Қазақстанның түркі әлемнің тарихи отаны ретіндегі пікір дәлелденіп, оқушылар арасында осындай көзқарас қалыптастырылуда.

Қазақ тілін латын графикасына көшіру саясаты да алдағы уақытта Қазақстанның түркі мемлекеттерімен ықпалдастығын, қарым-қатынасын жақсартатын үрдіс. Латын әліпбиінің соңғы нұсқасы түрік тілінің әліпбиіне қатты ұқсайды. Көпшілік ғалымдар тарапынан мақұлданған осы нұсқа қабылданса Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан сынды елдерде тұратын түркі халықтарының, оның ішінде шетелдегі қазақ диаспорасының қазақ тілін меңгеруіне қолайлы жағдай қалыптасады.

Қазақстанның түркі халықтарының тарихи қара шаңырағында орналасуы туризм, білім беру, мәдениет салаларында мол мүмкіндіктер сыйлайды. Қазіргі таңда Түркістан қаласының жаңа әкімшілік орталығы статусына ие болуы бұл үрдіске оң серпін береді деуге болады. Осы тұрғыдан Қазақстанның түркі өркениетінің эпицентрі ретіндегі статусын ғылыми, мәдени және саяси тұрғыдан бекітіп алу жұмыстарын ойластырған жөн.

Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті де түркі мемлекеттерін топтастыра алатын маңызды білім ордасы. Қазіргі таңда аталған университетте 10274-тен астам студент білім алса, оның ішінде 1351 студент, яғни жалпы контингенттің 14 пайызы алыс және жақын шетелден, түркі тектес елдерден келген студенттер (*Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ ресми сайты, 2020*). Бұл студенттер болашақта Қазақстанның, қазақтың сөзін сөйлейтін шетелдік азаматтар шоғырын қалыптастыратын әлеуетті күшке ие.

2001 жылы АҚШ-тың сол кездегі Мемлекеттік Хатшысы Колин Пауэлл «АҚШ-та білім алып, кейіннен өз елінде билікке жеткен әлемдік лидерлермен қарым-қатынастан асқан құнды активіміз жоқ» деген болатын (*Aramais V. Grigoryan, Akop A. Gabrielyan, 2016*). Бұл ретте, Қазақстанда білім алып, өз елдеріне оралған шетелдік студенттер де Қазақстанға оң көзқараста болатын сол елдің болашақ элитасын құрайтынын ескеру қажет. Сондықтан аталған студенттер университетті бітіргеннен кейін де қандай да бір байланыс құралдарын сақтауға және алдағы уақытта шетелден келетін студенттер санын ұлғайтуға (гранттар бөлу арқылы да) айрықша ден қойған жөн. Бұл үрдіс тек Түркістандағы Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің әлеуетін пайдаланумен шектелмей, Қазақстанның өзге өңірлеріндегі оқу орындарына да шетелден келетін студенттер санын ұлғайтумен жалғасын тапқаны жөн. Бұған елдегі бірқатар университеттердің әлеуеті жеткілікті деуге болады.

2. Қазақстанға депортацияланып, тарихи отанына оралған өзге этнос өкілдерімен қарым-қатынас

Қазақстан полиэтносты мемлекет. Ел аумағына шоғырланған өзге этностық топтардың Қазақстанға келу тарихы негізінен отарлау саясаты мен Кеңес Одағы дәуіріндегі Кремльдің саясатына тікелей қатысты. Патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясаты аясында XVIII-XIX ғасырларда Қазақстанның түрлі аймақтарына орыс шаруалары көптеп қоныстана бастады. XX ғасырдың 30 жылдарына дейін негізінен орыс шаруалары Қазақстан жеріне қоныс аударған болса, Кеңес дәуірінде Сталиннің жер аудару, қуғын-сүргін саясатының нәтижесінде өзге ұлт өкілдерінің депортациялану үдерісі қарқын алды. Оның ішінде неміс, грек, украин, поляк, кәріс, ахыска және месхет түріктері, армян, еврей, белорусь, татар, шешен, ингуш, қарашай, күрд сияқты әр түрлі этникалық топтар мәжбүрлі түрде Қазақстанға жер аударылды.

Қиын-қыстау заманда жер аударылған өзге халықтарға құшағын ашып, қамқорлық танытқан қазақ халқының тарихи еңбегін, жақсылығын

өзге этнос өкілдері мойындайды және әлі күнге құрметтейді.

1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін көптеген этнос өкілдері өздерінің тарихи отанына қайта орала бастады. Тарихи отанына оралғанымен туған жері, өмірінің үлкен бөлігі, жастық шағы өткен қазақ топырағын аңсау, Қазақстанға деген ыстық сезім, жылы лебіз олардың бойларында қайнап жатыр. Қазақстаннан шетелге иммиграция жасаған өзге этнос өкілдерінің Қазақстанда туған-туыстары, жақындары, достары қалды. Бұл ретте, архив құжаттары, генеологиялық зерттеу жұмыстары арқылы тарихи жақындықты жариялау арқылы туристік мүмкіндікті, экономикалық пайда табу, саяси оң имидж қалыптастыру ісін ұйымдастыруға болады. Мысалы Қазақстан архивтерінде кезінде Қазақстанға жер аударылған өзге этнос өкілдері туралы тарихи деректер өте көп. Осы деректерді жарыққа шығару арқылы өзге мемлекеттермен, тіпті өзге ел халқымен түрлі салада тығыз қарым-қатынасты жолға қоюға болады.

Қазақтардың депортация жасалған өзге ұлттарды жылы қабылдағаны туралы деректер өте көп және олардың көпшілігі депортация жасалған ұлт өкілдерінің тарихи естеліктерінде жиі кездеседі. Бұл ретте, 2019 жылы Польша Президенті Анджей Дуда кезінде Қазақстанға жер аударылған поляктарды жылы қабылдап, үлкен көмек көрсеткен, қазіргі таңда поляктардың зиратына күтім көрсетіп жүрген Тасыбай Әбдікәрімовты адамды және оның ар-ожданын қорғау жолында сіңірген ерен еңбегіне орай берілетін «*Virtus et Fraternitas*» арнайы медалімен марапаттады (*Virtus et Fraternitas, 2020*). Бұл сияқты мысалдар, айтылмаған деректер архив құжаттарында, жазбаша еңбектер мен ауысша естеліктерде баршылық.

Қазақстанға депортацияланған, тәуелсіздік жылдары өз еліне қайта оралған өзге этнос өкілдері үшін генеологиялық туризм саласын жолға қою өзекті мәселе. Ол үшін этнографиялық музейлер салу, тарихи-генеологиялық зерттеулер жүргізу, тарихи танымдық көрмелер циклын (онлайн және офлайн форматта) ұйымдастыру, өлкетанулық жұмыстар ұйымдастыру, баспа ісін дамыту, көшпелі

форматағы көрмелер өткізу сияқты жобаларды қолға алуға болады. Бұл арқылы Қазақстанның сыртқы саясаттағы оң имиджін қалыптастырумен қатар, елдің экономикасына табыс әкелуге, Қазақстанмен пікірлес, достас мемлекеттер қатарын ұлғайтуға болады. Яғни, көп мемлекеттің қолында жоқ құнды ресурсты дұрыс мақсатта пайдалана білу арқылы тиімді «жұмсақ күш» саясатын жүргізуге мүмкіндік бар.

Халықтың орыс тілін білу әлеуетін дұрыс пайдалану

Қазақстанда халықтың басым көпшілігі мемлекеттік тілмен қатар орыс тілін де жетік меңгерген. Мәселен 2020 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысымен «Сана» сараптамалық орталығы жүргізген «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеудің» қорытындысына сәйкес орыс тілін меңгерген республика халқының үлесі – 90,0 % құрайды (*ҚР тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеу, 2020*).

Қазақстан халқының полиэтносты болуы және азаматтардың орыс тілін еркін меңгеруі тарихи себептерге байланысты. Тәуелсіз алғаннан кейін мемлекет ішінде деколонизациялау процесін тездету, орыс тілінен бас тарту арқылы мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін қарқынды дамыту туралы ұсыныстар жиі көтерілуде. Геосаяси себептерге байланысты және халықтың қалыптасқан тұрмысына байланысты бұл үдерістің баяу жүзеге асырылуын қисынды. Бұл ретте, қазақ тілін дамытумен қатар, екінші жақтан халықтың орыс тілін меңгерген әлеуетін сыртқы саясаттағы «жұмсақ күш» құралы ретінде тиімді пайдалану тетігін де ойластыруға болады.

Қазақстанмен қатар посткеңестік мемлекеттердің көпшілігінде орыс тілі әлі күнге дейін қарым-қатынас тілі ретінде кең қолданысқа ие. Сондықтан орыс тілінде түсірілген фильмдер, жазылған кітаптар, бейнеөнімдер тартымдылығына сәйкес сұранысқа ие болуы мүмкін. Бұған мысал ретінде қазақстандық продюсер Нұрлан Қоянбаевтың «My love is Aisulu», «Бизнес по-казахски в Корее», «Бизнес

по-казахски в Африке», «Бизнес по-казахски в Америке» сияқты фильмдері, Нұртас Адамбайдың «Аким» атты фильмі ТМД мемлекеттерінде үлкен сұранысқа ие екенін YouTube желісіндегі аталған фильмдерге байланысты әр түрлі елдердің азаматтары тарапынан жазылған оң пікірлерден байқауға болады. Осы бағыттағы фильмдер сериясын көбейту және қазақстандық мүддені ескере отырып, шетелде Қазақстанның оң имиджін қалыптастыру, шетел аудиториясын тарта отырып, экономикаға табыс әкелу, туризм, тамақ өнеркәсібі сынды салаларды жарнамалауға болады.

«Болашақ» халықаралық бағдарламасының және танымал қазақстандықтардың әлеуетін пайдалану

Білімге салынған инвестиция қайтарымы мол салалардың бірі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылдан бастап жастардың әлемдегі озық білім ордаларында оқуы үшін арнайы «Болашақ» бағдарламасын қабылдап, білімді жастарды оқуға жіберді. Кеңестік жүйеден шыққан мемлекет азаматтары үшін әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінде білім алу, жаңа менталитет, жаңаша үлгіде білім алу өзекті бастама болғаны сөзсіз. Тарихта осыған ұқсас үрдістер өте көп. Оның жарқын мысалы ретінде 1867-1868 жылдары Жапонияда Мэйдзи реформасы аясында жапон жастарының батыстың озық білім ордаларында біліп, елге қайта оралуы, сол арқылы Жапонияны қысқа мерзімде дамудың жаңа белесіне шығарғанын айта кетуге болады.

«Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамының дерегінше 1993 жылдан бері «Болашақ» бағдарламасы стипендиясының иегері болған отандастарымыздың саны – 13976 (*Халықаралық бағдарламалар орталығы, 2020*). Олар осы бағдарлама аясында бакалавриат, магистратура, докторантура, тәжірибе алмасу сынды бағыттар бойынша әлемнің үздік оқу ордаларына білім алуға жолдама алуда. Сондай-ақ, 2011-2013 жылдары Болашақ бағдарламасы бойынша бакалаврда оқуға стипендия беру тоқтатылды. Бағдарлама аясында шетелде білім

алған жастарымыздың жартысы гуманитарлық мамандықтарда оқыған.

Шетелде білім алушы жастар өзі білім алуға барған елінің идеологиялық «жұмсақ күш» саясатының ықпалына тап болумен қатар, өздері шыққан мемлекеттің де өкілі ретінде барған жеріне белгілі бір деңгейде ықпал ету әлеуетіне ие. Сондықтан аталған студенттердің қазақстандық құндылықтарды шетелде таратуына көңіл бөлген жөн.

Сонымен қатар, шетелдегі Қазақстанның спорттағы амбассадоры саналатын Геннадий Головкин, талантты әнші Димаш Құдайберген, опера жұлдызы Мария Мудряк сынды дарынды отандастарымызды қолдайтын, олардың белсенді жанкүйері саналатын шетелдіктер өте көп. Мысалы Головкиннің қазақтың шапанын, мемлекеттік туын көтеріп шығуы, Димаштың қара домбыраны әлемге танытуы, Самалтау әнін шырқау арқылы қазақтың тарихына қызығушылық арттыруы осының бір айғағы. Қазіргі таңда аталған азаматтардың әлеуметтік желілерде жанкүйер парақшалары көп. Олар тек өздерінің кумирлері туралы ғана емес, Қазақстан жайлы да мәліметтер іздеп, өзара бөлісіп отырады. Джозеф Най ұсынған «жұмсақ күш» теориясының мазмұны өзгелерге тартымды болу арқылы өз саясатыңды жүргізу дегенге саятынын ескерсек, әлемге танымал отандастырымыз арқылы «тартымды болудың» құралдарын ойластырған жөн.

Шетелдегі қазақ диаспорасымен қарым-қатынас

Ресми деректерге сүйенсек Қазақстаннан тысқары 5 миллионға жуық этникалық қазақ тұрады. Олардың негізгі бөлігі Қазақстанмен шекаралас мемлекеттерде, едәуір бөлігі Еуропа елдері мен АҚШ-та өмір сүруде. Олардың кейбірі өзінің түрлі себептермен тарихи отынанан өзге мемлекетке көшкенімен, шетелдегі этникалық қазақтардың басым бөлігі ирредент саналады, яғни өзінің тарихи отанында тұрып, саяси себептерге байланысты шекара айқындау барысында өзге мемлекеттің аумағында қалып қойған. Шетелдегі қазақ диаспорасымен байланыс қашанда Қазақстанның сыртқы саясаттағы басым бағыттарының бірі болуы тиіс.

Шетелдегі қазақтардың көпшілігі Қазақстанның шынайы патриоттары. Өйткені өз елінен жырақта жүрген этникалық қазақтарды Қазақстанмен туыстық және тарихи байланыс жақындатады. Олар өздері мекендейтін елдерде жүріп, Қазақстанға да қызмет ете алады.

Мысалы Түркия Республикасы Стамбул қаласындағы Мимар Синан университетінде дәріс беруші тарихшы, профессор Әбдіуақап Қара есімді азамат Түркияда Қазақстанның тарихын оқыту, Қазақстан жайлы оң пікір қалыптастыруда маңызды рөл атқаруда. Аталған азамат Түркияда, Еуропада өткен көптеген халықаралық шараларда баяндама жасап, Қазақстанды шетелде танытуда, түркиялық студенттердің Қазақстанды жете тануына ықпал етуде. Осы ретте, шетелдегі қазақтарды жаппай қолдаумен бірге, олардың арасындағы таланттарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетуге көңіл бөлінгені жөн. Мұны арнайы мемлекеттік саясаттың бір бөлігі ретінде қалыптастыру қажет.

Сонымен қатар, шетелдегі қазақтарды қамтитын мәдени танымдық іс-шаралар, білім алмасатын ғылыми-шығармашылық байланыстар, шетелдегі қазақтарға қазақ тілін оқыту, оларды халқымыздың мәдениеті мен дәстүріне қатысты материалдармен қамтамасыз ету, мемлекеттік білім гранттарын бөлу, түрлі бағытта қолдау көрсету арқылы шетелдегі қазақ диаспорасының ықпалды болуына жағдай жасау және олардың Қазақстанмен тығыз қарым-қатынас қалыптастыруына қолдау көрсету өз нәтижесін берері сөзсіз.

Қорытынды

«Жұмсақ күш» саясаты саясаты жаһандану заманында әлемдік саясаттың маңызды бөлігі саналады. Бұл ретте, сырттан келетін ықпалды «жұмсақ күш» саясатына қарсы ішкі иммунитет қалыптастырмен қатар, сыртқы саясатта маңызды рөл ойнайтын қазақстандық ерекшеліктерді де дұрыс пайдалана білген жөн.

Осы орайда, «жұмсақ күш» саясатын іске асыруда қазақстандық мүддені ескеретін және мемлекеттің игілігіне қызмет ете алатын бірнеше «жұмсақ күш» құралына тоқталып өттік. Ендігі кезекте аталған құралдарды

пайдаға асырудың Қазақстанға тигізер бірнеше ықпалын SWOT-талдау әдісі

арқылы зерделеп көруге болады.



1-сурет. Қазақстанның «жұмсақ күш» құралдарын пайдалану әлеуетіне қатысты SWOT-талдау көрсеткіші

Қорыта келгенде, «жұмсақ күш» саясатын жүргізу Қазақстан үшін де күн тәртібіндегі маңызды саясат болуы тиіс. Өйткені мұны жаһандағы және өңірлік геосаяси ойындап талап етеді. Кез келген бастама, интеграциялық шаралар, жасалған бірінші қадам ең әуелі оны ұсынушы

тараптың мүддесін ескеретіні жазылмаған қағида. Бұл ретте, Қазақстан сыртқы саясаттағы интеграциялық бастамалардың иесі ретіндегі рөлін біртіндеп «жұмсақ күш» саясатын қалыптастырушы қадамдармен толықтырғаны уақыт талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Nye, J. (1990). «Bound to lead: The changing nature of American power», Summer 1990. Date of request: 07.12.2020. <https://www.foreignaffairs.com/reviews/capsule-review/1990-06-01/bound-lead-changing-nature-american-power>.
- Joseph S. Nye, JR. (2004), «Soft Power: The Means to Success in World Politics», Public Affairs, New York, Published in the United States by Public AffairsTM, p. 6.
- Gene Sharp (April 2003), «There are Realistic Alternatives», The Albert Einstein Institution, Printed in the United States of America. First Edition, pages 39-48.
- Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі. Өтінім жасалған күн: 07.12.2020. <http://zan.gov.kz/client/#/doc/130370/kaz>.
- «Шетелдік теле -, радиоарналардың тізбесі», Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің ресми сайты. Өтінім жасалған күн: 07.12.2020. <https://www.gov.kz/memleket/entities/inf/activities/145?lang=kk>.
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ресми сайты. Өтінім жасалған күн: 12.12.2020. <https://ayu.edu.kz/about/history>.
- Aramais V. Grigoryan, Akop A. Gabrielyan (2016), «Higher Education in the Context of «Soft Power» Approach in the System of International Relations», Учёные записки ЗабГУ. Том 11, № 2, стр. 16.
- Virtus et Fraternitas medals awarded by President Dud. Date of request: 30.11.2020. <https://polandin.com/43144649/virtus-et-fraternitas-medals-awarded-by-president-duda>.
- Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеу, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті, «Сана» сараптамалық орталығы, Нұр-Сұлтан, 2020 жыл, 23-бет.
- «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамының ресми сайты. Өтінім жасалған күн: 19.11.2020. <https://bolashak.gov.kz/>.

REFERENCES

- Nye, J. (1990). «Bound to lead: The changing nature of American power», Summer 1990. Date of request: 07.12.2020. <https://www.foreignaffairs.com/reviews/capsule-review/1990-06-01/bound-lead-changing-nature-american-power>.
- Joseph S. Nye, JR. «Soft Power: The Means to Success in World Politics», Public Affairs, New York, Published in the United States by Public AffairsTM, 2004, p. 6.
- Gene Sharp «There are Realistic Alternatives», The Albert Einstein Institution, Printed in the United States of America. First Edition, April 2003, pages 39-48.
- Qazaqstan Respublikasy normativtik ququqlyq aktilerinin elektronдық turdegi etalondyq baqylau banki [Bank of electronic reference control of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan]. Date of request: 07.12.2020. <http://zan.gov.kz/client#!/doc/130370/kaz> (In Kazakh).
- «Sheteldik tele -, radioarnalardyn tizbesi», Qazaqstan Respublikasy Aqparat jane qogamdyq damu ministrligi Aqparat komitetining resmi saity [List of foreign TV and radio channels », Official site of the Information Committee of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan]. Date of request: 07.12.2020. <https://www.gov.kz/memleket/entities/inf/activities/145?lang=kk> (In Kazakh).
- Qozha Ahmet Yassauy atyndagy Halyqaralyq Qazaq-Turik universitetining resmi saity [Official site of the International Kazakh-Turkish University named after Ahmet Yassauy]. Date of request: 12.12.2020. <https://ayu.edu.kz/about/history> (In Kazakh).
- Aramais V. Grigoryan, Akop A. Gabrielyan «Higher Education in the Context of «Soft Power» Approach in the System of International Relations», Учёные записки ЗабГУ. 2016. Том 11, № 2, стр. 16.
- Virtus et Fraternitas medals awarded by President Duda. Date of request: 30.11.2020. <https://polandin.com/43144649/virtus-et-fraternitas-medals-awarded-by-president-duda>.
- Qazaqstan Respublikasy til sayasaty maseleleri boyunsha aleumettik jane analitikalyq zertteu, Qazaqstan Respublikasy Madeniyet jane sport ministrligi Til sayasaty komiteti [Social and analytical research on language policy in the Republic of Kazakhstan, Committee on Language Policy of the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan, Expert Center "Sana"], Nur-Sultan, 2020, 23 p. (In Kazakh).
- «Halyqaralyq bagdarlamalar ortalygy» aksyonerlik qogamynyng resmi saity [Official site of JSC "Center for International Programs"], Date of request: 19.11.2020 <https://bolashak.gov.kz/>. (In Kazakh).

KAZAKHSTAN'S SOFT POWER: PRESENT POLICY AND OPPORTUNITIES

Saken YESSIRKEP, PhD student of the Department of Political Science Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan, sakenyessirkep1985@gmail.com

МЯГКАЯ СИЛА КАЗАХСТАНА: ТЕКУЩАЯ СИТУАЦИЯ И ПОТЕНЦИАЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ

Сакен ЕСИРКЕП, PhD докторант Кафедры Политологии Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан, sakenyessirkep1985@gmail.com